

Жапон қоғамындағы әйелдер рөлі

Л. Д. Нурсейтова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail адрес: nurseitova_1@mail.ru

Түйін. Қазіргі таңда жапон әйелдерінің қоғамдағы рөлі ғаламдану және дәстүршілдік дамуда жүзеге асып келуде. Жапон қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында әйелдердің рөлі маңызды орынға ие. Бұл мақалада автор қазіргі таңдағы жапон әйелдерінің қоғамдағы рөлінің дамуын өзгерістерге ұшырауын қарастырды.

БҰҰ-ның халық санағы бойынша, дүние жүзі халық санының 49,7 пайызын (3 132 342 000 әйелдер саны, 3 169 122 000 ерлер саны) әйелдер құрайды. Адам құқығын алға қоятын және әділетті әлеуметтік қатынасқа ұмтылатын әрбір демократиялық қауымдастық үшін теңдік маңызды негіз болып табылады [1, 18]. Бірақ та әйелдер мен ерлер арасындағы теңдікке ұмтылыс жолында әрбір елдің өзінің жеке себеп-салдары бар. Әйел адамға деген дискриминациялық қатынас – қазіргі таңға дейін жалғасын тауып жатқан құбылыстардың бірі. Отбасы және қоғамдық қатынаста әйел адамның рөлін төмендететін себептердің бірі, ол ерте заманнан сақталған дәстүрлі, мәдени, діни наным-сенімдердің кейбір тармақтары, қоғамдық қатынастар заман талабына сай дамыса да, әйел адамның өміріне әлі күнге дейін әсерін тигізуде.

Жапон әйелдері қазіргі заманның даму талабына сай еңбекқор, шыдамды, төзімді болып келген. Демек, осы қасиеттері арқылы жаңа қоғамды басқаруда, жапон әйелдері ерлерге беріспей, басқару тізгінін өз қолдарына алу мүмкіндіктері бар.

Қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі – әлем саясатындағы шығыс әйелдерінің рөлі. Ер адам жаратылысы бойынша қайратты, күшқуатты болып жаратылған, ал әйел адам жаратылысы бойынша нәзік, сезімтал жан, сондықтан да қоғамның даму талабына сай қоғамды басқару ер адамға жүктелген. Дегенмен қазіргі таңда әлемнің даму талабына сай қоғамдық, саяси, отбасы қатынасында әйел адамның рөлі күшейе бастады.

Жапон әйелдері «ер адам билік етіп бас-

қаратын» қоғамдық қатынаста өмір сүріп келуде. Ер адамның билік етуі, басқаруы – әрбір шығыс еліне тән құбылыстардың бірі.

Қазіргі кезеңде жапон әйелдерінің жаңа ұстанымдары қоғамдағы, қызметтегі, отбасындағы рөлдерін күшейтуде. Жапон әйелдерінің теңдікке күрес жолы, дербес немесе тәуелсіз әйелдерге айналу құбылысы дәстүршілдік қоғамда іске асып келеді. Батыс әйелдерімен салыстырғанда жапон әйелдері дербес, тәуелсіз әйелдерге айналғанымен дәстүрлі отбасы құндылықтарды бірінші орынға қоюда. Дәстүрлі құндылықтар әрбір жапон әйелі үшін өмірінің маңызды құндылықтары болып табылады.

Батыс әлемінің даму қарқынын шығыс әлемімен салыстыруға болмайды, өйткені батыс әлемінде модернизациялық даму үрдісі бірнеше ғасыр бойы ерте дамыған, ал шығыс әлемі даму жолында модернизациялық және дәстүршілдік үрдісті дамытып жатқан әлем. Шығыс әлемі атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүршілдік құндылықтарды сақтауда.

Екі ғасырдан астам уақыт бойы (XVI–XIX ғ.) жапон мемлекеті жабық есік саясатын ұстанған болатын. Бұл саясат Жапонияның дамуын тежеді. Жапон мемлекеті жабық есік саясатын ұстанған кезеңде мемлекет патриархалдық жүйе бойынша дамыды.

Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған жапон еліне Американың оккупациялық саясаты қатты әсерін тигізді. Күншығыс елінің дамуы Американың жүргізген реформаларына байланысты болды. «Вакан - есай», «Жапон рухы және батыс техникасы» деп аталатын ұран мемлекеттің саяси-экономикалық дамуына

жақсы ықпал етті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапон мемлекеті жаңа конституциясын қабылдады. Жаңа конституция бойынша жапон әйелдері сайлауға қатысуға, сайлануға құқылы болды. Осы кезеңде жапон қоғамының дамуына батыс біршама әсер етті [2, 148].

Жапон мемлекетінің 1947 жылы 3 мамыр айында өз күшіне ие болған жаңа конституциясы және азаматтық кодексі бойынша әйел адам және ер адам саяси, экономикалық, әлеуметтік, сонымен қатар отбасы қатынасында тең құқықпен қамтамасыз етілді.

1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған адам құқық декларациясы жалпыға ортақ. Бұл декларация БҰҰ Бас ассамблеясының қарарында расталып бекітілді. Келесі принциптерден тұрады: барлық адамдар жаратылысынан теңдік, еркіндік құқығымен иемденеді. Сонымен қатар жыныстық ерекшеліктеріне қарамастан барлық адам заң алдында тең құқықпен қамтамасыз етілген [3, 153].

Соғыстан кейін Жапон мемлекетінің дамуына жапон әйелдері де бар күш-жігерлерін қосты. Қабылданған жаңа заңдар, жапон әйелдерінің қоғамдағы орнын біршама болсын айқындады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қираған мемлекетті қалпына келтіруді мақсат еткен жапон әйелдері мемлекеттің дамуына бар күш-жігерін салды. Өз мақсаттарын іске асырудың тиімді жолдары ретінде отбасы мен қызметін бірдей алып жүруді жөн көрді. Бірақ қазіргі таңда қоғамның даму талабына сай әйелдер қоғамдағы төзімділігін дәлелдеп, саясатқа да араласуды мақсат етуде.

Жапон мемлекетін, басқа шығыс елдерімен салыстырып қарастыратын болсақ, көптеген ерекшеліктерге тап боламыз. Мысалы, ислам елдерінің әйелдері бетін паранжамен жауып, келбеті тек күйеуіне ғана мәлім, ал үнді әйелдері келбетін цинанмен жабады, нәтижесінде егерде кім де кім осы елдерге саяхатпен баратын болса, тек ерлермен ғана жүздесе алады. Ал жапон әйелдері туралы айтатын болсақ, «паранжа» немесе «цинан» атты дәстүр жапон әйелдеріне беймәлім. Тұрмыс құрған әйел болса да, бөтен адаммен немесе бейтаныс ер адаммен сәйлесе алу мүмкіндігі бар. Бұл жапон әйелдерінің қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынасында еркіндік жағдайын көрсетеді. Түрлі дәстүрлі мейрамдарда, шай рәсімінде жапон әйелдері өз ерлерімен бірдей рөл атқарады [4].

Жапон әйелдеріне сырт көзбен немесе шетелдіктің көзқарасымен қарайтын болсақ, жапон әйелдері тек ерлердің қысымында өмір сүріп келе жатқан, байқұс нәзік жандар деп ойлап қалуымыз мүмкін. Бірақ бұл, шын мәнісінде, олай емес. Басқа Азия және шығыс елдерімен салыстыратын болсақ, жапон әйелдерінің құқығы басым болып келген. Жапон әйелдеріне баланың тәрбиесі, білімі, жалпы тағдырын шешу мойнына жүктелген. Сонымен қатар күйеуінің табысын басқару, қандай шығынды қай кезде жасау әйел адамға табысталған. Қазіргі таңда жапон әйелдері нық өз аяғымен тұрып, қоғамдық істерге белсене қатысуда. Еуропа әйелдерімен салыстырғанда, жапон әйелдері күйеулерімен дипломатиялық қарым-қатынас құру арқылы және нақты сезімдерін жасыра алу шеберліктері арқылы күйеулерімен қарым-қатынаста көптеген жетістіктерге жетуде. Жапон қоғамында жаһанданудың терең тамыр жайғанымен, қоғамның тез қарқынмен дамуы әйел адамдарды тәуелсіз, білімді, тәкаппар жандарға айналдырғанымен, жапон әйелдері әлі күнге дейін иіліп күйеуін шығарып салу, қарсы алу дәстүрін жалғастырып келуде [5, 47].

Жапон әйелдерінің қазіргі таңдағы жағдайы туралы қарастыратын болсақ, қазіргі таңда жапон әйелдері туралы ерекше көзқарастар қалыптасқан. Өткен заманның әйелдері үнемі күйеуінің айтқанына көнетін, айтқанын бұлжытпай орындайтын, нәзік әрі өте әлсіз жандар болатын. Қоғамның даму талабына сай, жапон әйелдерін де осы заманның әйелдерімен салыстыруға мүлдем болмайды.

Жаңа конституция бойынша әйел адам және ер адам теңдігі заң жүзінде жарияланған. Әсіресе теңдік білім жүйесінде айқындалды, өйткені қабылданған жаңа заңнамалардың нәтижесінде әйел адам және ер адам тең дәрежеде білім алуға құқылы болды.

Жапон әйел образының өзгеруі, жалпы өткен заман құндылығының өзгеріске ұшырауы, сонымен қатар тұрмыс-тіршілігінің өзгеруі, жапон қоғамына, саясатына әрі бюджетіне қатты ықпал ете бастады. Әсіресе қазіргі таңда әйел адамның ұстанымына үлкен әсерін тигізуде. Өткен заман дәстүрі бойынша ер адам қоғамды басқарушы, жалғыз лидер болып есептелді, сондықтан да саясаттың әрі бюджеттің тізгінін тек ер адамдар басқарды. Қазіргі таңда осындай маңызды салаларға әйел адамдар да араласа бастады.

Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, кейінгі 30 жылдың ішінде жапон қоғамында баяу қарқынды болса да «әйелдер революциясы» өтті. Бірақ ерлер бұл революцияның болғанын аңғармай да қалды. Бұл революцияның нәтижесінде елде туу саны азайды, туу санының азаюы қазіргі таңдағы жапон қоғамының дамуына, сонымен қатар экономикалық жағдайына әсер етуде [6].

Әлемнің дамуы әрбір қоғамның дамуына ықпал етті деуге болады. Өйткені дәстүрлі қатынасты алға қоятын шығыс әлемінің дамуы да өзгеріске ұшырады.

Әрбір заман өтпелі кезеңдерден тұратындықтан, жапон әйелдері де әрбір заманның даму талабына сай өзгеруде. Қазіргі кезеңнің жапон әйелдері өз тұрмысын қалай өткізуін өздері шешеді, нақты айтатын болсақ өз тұрмыс-тіршілігіне өздері жауапты. Жауапкершілік ұстаным білім жүйесінде қатты байқалады. Білім жүйесі бойынша әрбір жапон азаматы 15 жасқа дейін бастауыш мектепті және орта мектепті бітіруі міндетті. 15 жастан кейін әрбір жапон азаматы өз таңдауы бойынша өмір сүреді. Жоғары мектептен кейін жоғары оқу орнына түсетін немесе жұмыс істеп, содан соң жоғары оқу орнына түсетін әйелдер де бар. Сонымен қатар жоғары оқу орынды бітіргеннен кейін, білімін магистратурада және докторантурада жалғастырып жатқан әйелдер де көп.

Қызмет, мансап немесе жұмыс туралы айтатын болсақ, қазіргі кезеңдегі жапон әйелдері жұмысты ерлермен қатар немесе тіпті ерлерден де озық жұмыс істеуге ұмтылуда. Сонымен қатар мансабын жалғастыруды немесе мансабы, қызметі бойынша көтерілуді мақсат етіп жатқан әйелдер де өте көп. Кейбір әйелдер тұрмыстың оңай жолдарын іздеуде, оқуын жалғастырмай ерте тұрмыс құруда. Кейбір әйелдер бала тауып мансабын жалғастыруда, ал кейбіреулері мансабын жалғастыруда бала кедергі болып табылады деген ойларынан айырылмауда. Қазіргі таңда балалы болған әйелдердің әртүрлі мүмкіншіліктері мен жолдары бар. Балаларын тәрбиелеп, үйреншікті жұмысын жалғастырып жатқан әйелдер де бар. Баласы болғандықтан бұрынғы жұмысын жалғастыра алмай, сағат бойынша төлейтін жұмыстар атқаратын әйелдер де бар. Тек үй шаруасымен айналысатын әйелдер де бар.

Жапон қоғамында әйелдерді ерлермен салыстырғанда, өмір жолын таңдау мүмкінші-

ліктері мол деп айтады. Атадан балаға тарап келе жатқан салт-дәстүрдің ықпалы нәтижесінде, ер адамдар өмірлік жолын қалауы бойынша өмір сүруі мүмкін емес, таңдауы шектелген. Жоғары оқу орнын бітірген ер адамды жұмыссыз қалады немесе жұмыссыз болады деп елестете алмайсыз, өйткені бұл адамды қоғам ауру немесе кемтар деп түсінуі мүмкін. Ал әйел адам оқуын бітіріп, тұрмысқа шығып, жұмыссыз қалса, таңғаларлық құбылыс болып есептелмейді. Сондықтан да жапон қоғамында әйел адамдардың, ер адамдарға қарағанда мүмкіншіліктері мол деп есептейді, сондықтан да әйелдер өмір жолында әртүрлі жолды тандай алады [7].

Үйлену, білім алу секілді адам өміріндегі маңызды жайттарды қарастыратын болсақ, қазіргі таңда жапон қоғамында кеш тұрмыс құратын әйелдердің саны жылдан-жылға өсуде. Сонымен қатар қазіргі таңда ұзақ өмір сүру, қарттардың көбеюі секілді факторлар да орын ала бастады.

Екі жақтың да тұрмыс құру көрсеткішін қарастыратын болсақ, 1975 жылы 23 жас-тан бастап тұрмыс құратын, орташа есеппен санағандағы көрсеткіш 2000 жылы 27 жасты құрады. Ал егерде Токио сияқты ірі қалаларды қарастыратын болсақ, ірі қалаларда көбінесе 30 жасты құрайды. Осы статистикаға мысал ретінде болашақ ханзаданың жұбайы Масако Овада ханым 29 жасында тұрмысқа шықты.

Тұрмыс құрмаған әйелдердің көрсеткішін қарастыратын болсақ 1975 жылы 20-29 жастағы тұрмыс құрмағандардың пайызы 20% құраса, 80% тұрмыста болса, 2000 жылы тұрмыс құрмаған әйелдердің пайызы 54%-ға өсті, осы көрсеткіштер арқылы 20-29 жасты құраған әйелдердің шамамен жартысы тұрмыс құрмаған болып шықты. Әйелдердің орташа жас мөлшерінің көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, 1975 жылы 78 жасты құрады, ал қазіргі таңда жаңа статистика бойынша 85,7 жасты құрайды, болжам бойынша 2015 жылы жапон әйелдерінің орташа жасы 90 жасты құрайды деп болжауда [8, 89].

Өткен заман әйелдер уақытының барлығын үй шаруасына, күйеуіне ақыл, кеңес берумен, жалпы отбасы мәселесімен ғана айналысса, қазіргі таңда жапон әйелдері белсенді түрде қоғамдық істерге қатысуда. Мансабын құруды мақсат ететін әрі жұмыс істейтін әйелдердің саны жылдан-жылға өсуде. Қазіргі таңда әйелдердің 50%-ы дерлік жұмыс істеуде.

Жапонияда міндетті білім алу жүйесі орта мектеппен аяқталады. Жаңа статистика бойынша жоғары мектепті бітіргендердің 97%-ы ерлерді, ал 96%-ы әйелдерді құрайды. Екі жылдық жоғары оқу орнын бітіретіндердің 14%-ы әйелдер, ал 2%-ы ерлер. Кредиттік технология бойынша 4 жылдық бакалавр бағдарламаны бітіргендердің 48%-ы ерлерді, 34%-ы әйелдерді құрайды. Магистратураға түскендердің 13%-ы ерлер, 6%-ы әйелдер. Жоғары, толық білім алудың нәтижесінде екі жақтың да жасының ұлғаюына әкеп соғады. Жоғары оқу орнын әйелдер көбінесе гуманитарлық ғылым саласы бойынша бітірсе, ал ер адамдар көбінесе нақты ғылымдарды меңгеруде [9, 15].

Қоғамның жаңа даму жолы адамзат капиталының қайтадан жанданып дамуын талап етеді. Дамудың жаңа функциялары мемлекеттің саясатымен, білім, ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру салаларымен тығыз байланысты.

Әлемде дүние жүзі санақ көрсеткіші бойынша 3 млрд.-тан астам әйел бар, әрбір мемлекетті қарастыратын болсақ, халықтың жартысынан көбін әйелдер құрайды. Көптеген мемлекетте сайлау құқығын әйелдер ерлерге қарағанда кеш алды. Мысалы, АҚШ-та ерлер сайлау құқығын 1870 жылы, әйелдер 1920 жылы алды, ал Жапон елінде ерлер сайлау құқығына 1925 жылы иемденсе, әйелдер 1945 жылы ғана қол жеткізді [10, 15].

Жапон қоғамында бұрын жұмыс істейтін әйелдерді гүлмен салыстырған, өйткені әйел адамның жұмыс істеуі ұзаққа созылмайтын. Әйел адам бастапқыда жұмыс орнының гүлі болады, одан кейін гүл сияқты сола бастайды деген пайымдаулар бар. Қазіргі таңда әйел адамды гүлмен салыстыру мүлдем орынсыз нәрсе, өйткені қазіргі таңда әйелдердің еңбек ету мерзімі кемінде 10 жылды құрайды. Ал ер адамдардың еңбек ету мерзімі 12,5 жылды құрайды. Қазіргі таңда көптеген жұмыс орындарында әйелдер де ерлермен қатар жауапты лауазымдарға ие болуда.

Енбекақы мәселесін қарастыратын болсақ, еңбекақының 100%-ын тек ерлер ғана алады. Бұл жапон қоғамында әйелдердің наразылығын тудыруда. Бұдан неге деген сұрақ туындайды. Жапон үкіметінің осы мәселеге байланысты жауаптарының бірі – ер адамдар отбасы шығыны үшін жалпы отбасы шығынын ер адам төлеу ке-

рек деген дәстүр бұрынғы заманнан қалыптасып, жалғасып жатқан құбылыс, ал әйел адам өзінің психологиялық және экономикалық мүддесін өтеу үшін ғана жұмыс істейді деп қарастырылды [11, 8].

Жапон мемлекетінің қоғамдық қауіпсіздік комитетінің қызметшісі, Жапонияның БҰҰ-ның бас ассамблеясының арнайы өкілі, «Japan Echo» журналының бас редакторы, жапон кабинет министрлігінің әлеуметтік қауіпсіздік кеңесінің басшысы, Мусаси университетінің профессоры, сонымен қатар Кэйо университетінің кадрлі профессоры, Оксфорд және Кембридж университетінің лекторы, Йель университетінің психология маманының докторы Сумико Ивао ханымның «Японская женщина свободнее мужчины» атта мақаласында былай деп жариялаған: «Қазіргі жапон әйел бейнесін бұрынғы жапон әйел бейнесімен салыстыруға болмайды. Өйткені шыдамды, төзімді, тек үй шаруасымен шектелген жапон әйелі қатты өзгерістерге ұшырады. Әйел адам да қоғамның негізгі әрі маңызды мүшесі, сонымен қатар өмір сүріп жатқан қоғамы үшін жауапты. Жапон әйелдері қазіргі таңда қоғамда, саясатта және тағы басқа салаларда алға ұмтылуда. Қазіргі заманның негізгі ерекшелігі, жапон әйелдері үшін көптеген мүмкіндіктер ашылды. Осы мүмкіндіктерін алға қойған жапон әйелдер саны жылдан-жылға көбеюде. Қазір Жапон қоғамында тұрмыс құрудан бас тартатын және баласыз әйелдер саны өте көп. Сонымен қатар Сумико ханымның айтуы бойынша, кейінгі статистика бойынша жұмыссыз әйелдерге қарағанда, жұмыс істейтін әйелдер балалы болуда. Жұмыс істейтін әйелдер жұмыста немесе қызметінде, отбасында, жалпы әлеуметтік өмірін белсенді өткізуде. Ивао ханымның айтуы бойынша қазіргі таңда Жапон қоғамында отбасын басқару жүйесі әртүрлі. Отбасында қаржы табу мәселесімен тығыз байланысты. Егерде күйеуі және әйелі отбасы қаржысын бірдей дәрежеде тапса, онда отбасын екеуі бірдей дәрежеде басқарады. Ал егерде үйге қаржыны ер адам ғана әкелсе, онда үй сатып алу секілді маңызды шешімдерді ер адам шешеді. Егерде белгілі бір жағдаймен үй қаржысын тек әйел адам тапса, онда басқару тізгіні әйелдің қолында. Отбасын басқару қаржы табу мәселесіне байланысты деген түсінік туындайды [12].

Сонымен қатар қазіргі таңда жапон қоғамында туу санының азаю құбылысы жал-

ғасуда. Жапон қоғамы біртіндеп қарттар қоғамына айналуға. Қазіргі таңда қоғамда қарттар санының көбеюі мен туу санының азаюы жапон мемлекетінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Өйткені бұл мәселелер жапон үкіметінің болашағымен тығыз байланысты.

Туу санының азаюы қоғамның дамуына, тұрмыс-тіршілігіне, экономикалық және мәдени өміріне де із қалдырмай қоймайды. Сонымен қатар туу санының азаюы қоғамда қарттардың көбеюіне, жұмыс күшінің жетіспеуіне, жұмыс күшіне пайдалану үшін шетелдіктердің көбеюіне, сауда айналымның төмендеуіне әкеп соғады. Мысалы, қазіргі таңда балаларға арналған кітапханалар, дүкендер жағдайларының төмендеуі, сонымен қатар жоғары оқу орындар да жабылуда.

Қазіргі таңда жапон әйелдерінің, жапон құндылықтарының өзгеріске бірте-бірте ұшырауы ел экономикасына, сонымен қатар саясатына да әсер етуде. Әсіресе жапон әйелдерінің қоғамдағы орны, ұстанымдары күшейе түсуде.

Қазіргі таңда жапон әйелдеріне мансап жасау маңызды болып табылады. Себебі мансап құру арқылы әйелдердің тұрмыстағы мүмкіншіліктері көбейеді, белгілі бір салада өз шеберліктерін тауып, дамыта алады. Қазіргі жапон әйелдері жоғары мамандық алуда магистратура деңгейін бітіруді мақсат етуде.

Қазіргі жапон әйелдері өмірін тұрақты жұмыспен, кіріспен қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарында белсенділіктерін және біліктіліктерін нығайтуды. Мансабында белгілі бір деңгейге жету үшін аянбай білім алып, еңбек етуде. Жапон әйелдерінің қоғамдағы рөлдерінің дамуы нәтижесінде қазір жапон қоғамында кеш тұрмысқа шығатын әйелдер саны көбейіп, туу саны азаюда.

Жапон мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болған «Shuushinkoyou» – «бір орында ұзақ уақыт қызмет атқару» жүйесі қазіргі таңда өзгеріске ұшырады. Осы жүйенің өзгеріске ұшырауы жұмыс кешендерінде тұрақсыз жағдайды туғызды. Ер адам болсын немесе әйел адам болсын істеген жетістіктеріне, белсенділіктеріне, қабілеттіліктеріне байланысты қызметтерінде жоғарылай алады, әсіресе еңбекақы саясаты да осы көрсеткіштерге байланысты болуда.

XXI ғасыр аясында әлемде жаһандану үрдісінің дамуы жапон әйелдер саясатының дамуына ықпал етті. Жапон қоғамында дәстүршілдік қатынас терең тамыр жайғанына қарамастан, қазіргі кезеңде жапон әйелдерінің қоғамдағы рөлінің өзгеріске ұшырағандығын байқауға болады. Көптеген қызмет салаларында әйелдер санының өсуі, әйелдердің тұрмыс құру жасының ұлғаюы, білім деңгейлерінің жоғары болуы, отбасында бала санының азаюы, жалпы туу көрсеткішінің азаюы осыған дәлел болып табылады.

Әдебиеттер

1. Права человека. Сборник международных договоров. Т. 1 часть первая и вторая. Организация Объединенных Наций. – Нью-Йорк, 1994. – С.18.
2. Шинилева Л.Т. Женщина и общество//декларация и реальность. – Москва, 1990. – 148 с. 大田清「女性たちの平成不況」日本. – 2004年. 153-154 p.
3. Лазарев А. Роль женщины в современном японском обществе // [http://cupid-japan.narod.ru/Woman role. htm](http://cupid-japan.narod.ru/Woman%20role.htm).
4. Тихоцкая И. Современные японки: покорные или независимые. – Москва, 2000. – 47 с.
5. Владислав Еленский. Статус женщины в современных обществах // <http://www.dhome.ru/art/japon.htm>.
6. Женская доля по-новому // <http://www.japon.ru>.
7. Павлятенко В.Н., Семин А.В. Япония справочник часть 2. – Москва, 2001. – 89 с.
8. Перфильев В. «Япония сегодня» Рег. №012252 от 17.12.1993 г. Издатель: Закрытое акционерное общество, ШЕФ-РЕДАКТОР: В.Перфильев. ответственный редактор А.Лазарев. – №2, февраль. – Москва, 2009. – 15 с.
9. UN (1995a) Population and Development of Action adapted at The International Conference on Population and Development, 5-13 September 1994, New York. – 15 p.
10. А. Лазарев «Япония сегодня» Рег.№012252 от 17.12.1993 г. Издатель: Закрытое акционерное общество, ШЕФ-РЕДАКТОР: В.Перфильев., А.Лазарев. – №2 февраль. – Москва, 2006. – 8 с.
11. Сумико Ивао «Японская женщина свободнее мужчины» // <http://www.japon.ru>.

Л.Д. Нурсейтова

Роль женщины в японском обществе

В современных условиях роль женщины в японском обществе осуществляется в условиях традиционной и культурной глобализации. Женский фактор настойчиво врывается в современную картину мира. Роль японской женщины является главной задачей в условиях динамики социально-экономического и политического развития японского общества в XXI веке. В данной статье рассматривается изменение и развитие роли женщин в современном японском обществе.

L.D. Nurseitova

The role of women in Japanese society

The women role in modern Japanese society, carried out in a conditions of traditional and cultural globalization. Female factor persistently breaks into the modern world view. The role of Japanese women is a major challenge in terms of the dynamics of socio-economic and political development of Japanese society in the XXI century. This article discusses the changes and developments of the role of women in modern Japanese society.